



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

7. Шен Д.А. Этноним в лексико- семантическом пространстве английского языка: диссертация ...канд. филол. наук. – Нижний Новгород, 2004. – 160 с.
8. Махпиров В.У. Древнетюркская ономастика. – Алма-Ата: «Гылым», 1990. – 159 с.
9. Попов А.И. Названия народов СССР. Введение в этнонимику. – Ленинград: «Наука», 1973. – 172 с.
10. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: «Наука», 1978. – 198 с.
11. Русский язык: энциклопедия. – Москва: «Наука», 1979. – 530 с.
12. Козлов В.И. О понятии этнической общности// Советская этнография, 1967. – №2. – С. 100-111
13. Atajanova A.J. About the role of ethnonyms in the onomastic language system // Theoretical & Applied Science. – Milan, 2013. – Vol.6 – №10. – S.110-114
14. Хайдаков С.М. Место топонимических названий в лексике Лакского языка, их структура и познавательная ценность/ Известия АН СССР. Отд. ЛЯ. – Москва, 1960. – Вып.6. – Т.19. – С. 462-470

ӘОЖ 811.512.1'34

ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МАЗМҰНЫ

Шаманова Назерке

Түркітану мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші - Ескеева М.Қ.

Кіріспе. Әрбір халықтың дүниетанымдық ерекшеліктері мен ұлттық болмысы мәдени лексиканың этномәдени мазмұны арқылы айқындалады. Бұл көне заманнан сыр шертетін дәстүрлі қолөнер туындысы болып табылатын зергерлік бұйым атауларының этнолингвистикалық ерекшеліктерін саралаудың өзектілігін сипаттайды. Әйелдің сәні мен салтанатын көрсететін әшекей бұйымдар көркемөнер шығармашылығының ерекше түрі. «Тамаша пішін үлгілерін жасауда мүсіншіге тән көркемдік сезімталдығы, ою-өрнек құруда шығармашылық қиялының ұшқырлығы, бейнені кескіндеуде саусағының дәлдігі, түстік үйлесімдік құруда кескіндемешіге тән көкірек түйсігі болғанда ғана зергер шеберлектің шыңына жете алады» [1,11] және әшекейдің әрбір бедері мен өрнегі, түсі мен пішіні ұлттық салт-дәстүр шеңберінде болуына мән беріледі. Демек әшекей бұйымдарға қатысты лексемалардың этномәдени мазмұны салт-дәстүрді ғана емес ұлттың эстетикалық мәдениетін де айқындауға мүмкіндік береді. Мақала қолға тағатын зергерлік бұйым атауларының этнолингвистикалық ерекшеліктерін айқындауға бағытталған.

Негізгі бөлім. Зергерлік өнері лексикасының сөздік құрамы өте бай. Зерттеушілер қазақ тілінде осы өнерге қатысты пайда болған фразеологизмдерді айтпағанның өзінде, мыңнан астам атау сөздер қолданылатынын көрсетеді [2,8]. Әшекей бұйым атауларының ауыз әдебиетінде молынан қолданылуы зергерлік өнердің өте ерте заманнан бері халықпен бірге жасап келе жатқанын білдіреді. «Зергерлік әшекейлердің күнделікті тұрмыста жаппай өріс алуы, әшекей бұйымдарға байланысты түрлі наным-сенімдердің орын алуы, сәндік заттарды тұтынуға салт-дәстүрлер, олармен байланысты әдет-ғұрыптар, көршілес халықтармен сауда-саттық қатынас нәтижесінде кейбір зергерлік материалдарының, бұйымдардың ауысып келуі т.б. қазақ тілі зергерлік өнері лексикасының дамуына, молыға түсуіне айтарлықтай әсер еткен факторлар» [2,8]. Аталған себептерді барлық түркі тілдеріндегі зергерлік лексикасының қалыптасуы мен баюына ықпал еткен экстралингвистикалық фактор ретінде қарастыруға болады.

Зергерлер жасайтын әшекейлердің ішіндегі ең көбі, тұрмыста өте жиі қолданылатыны – қыз-келіншектерге, әйелдерге арналатын білезіктер, сәнді сақиналар мен алуан түрлі жүзіктер. Оларды жас келіншектер де, орта жастағы әйелдер мен қарт аналар да салады.

Балдақ – саусаққа салатын алтын, күміс сақина. Тұтас, жалпақ, дөңгелек болып, кейде ою-өрнек жүргізіледі, кейде алтын, күміс беті сол күйі қалдырылады. Қазақ тілінде **балдақ** сөзінің бірнеше мағынасы белгілі: 1)білекке салтын жұмыр білезік, 2) шымылдықтың бау өткізетін сары жез шығыршығы; ілмек бауы, 3)пышақ,қылыш сияқты құралдардың сағағын бекітетін мойнақ, сақина, 4) үлкен пышақ, қылыш, 5) бүркітті алып жүргенде қолдың талмауы үшін қолдың астынан тіреп тұратын аша ағаш.

Түркі тілдерінің біразыда **балдақ** әр түрлі мағыналарда жұмсалады: түрікмен тілінде **балжан** – қылыш қынынын аузындағы темір құрсау; қылыш тұтқасы [3,72], қырғыз тілінің диалектісінде **балдақ** – *зере балдақ* түрінде де айтылады. Башқұрт тілінде **балдақ** – білезік, сақина [4,301], қазан татарлар тілінде **балдақ** – көбінесе ер адамдар салған әшекей, сақина. Қазан татарларының қыз-келіншектері саусақты балдақпен емес, жүзікпен сәндеуді ұнатқан [5,55].

Білезік - әйелдерге арналған әшекейлердің бірі. **Білезік** сөзі білек пен жүзік деген сөздерден құралған. Мұндағы білек сөзі, кейбір зерттеушілердің түсіндіруінше, бел сөзінен шыққан, басқа бір зерттеушілер бұл сөзді көне түркі тілдерінде кездесетін «орау, орап байлау» мағынасын беретін біле етістігімен байланыстырады. Сөздің екінші бөлшегі *жүзік* кейбір түркі тілдерінде *йүзік*, *дүзік* болып айтылады. Оның түбірі - *йүз* болу керек, ал қазірде де қазақ тілінде *жүз* түрінде қолданылады да, «бет, ажар» дегенді білдіреді. Бұл сөздің төркіні туралы басқа да болжаулар бар. Сөйтіп, білек пен йүзік сөздері қосылып *білек + йүзік > біле (к) (йү) зік > білезік* болып өзгерген тәрізді.

Білезік сөзі көпшілік түркі тілдерінде түрлі фонетикалық тұлғаларда кездеседі; бірнеше мағынада қолданылады. Оны төмендегі мысалдардан көреміз. Татар тіліндегі **белзек** – 1) қолдың буыны, 2) білекке салатын әшекей [6, 65], қырғыз тілінде **билездик//билезик//билелик//билеризик//билерик** – білек әшекей [7, 134]. Түрікмен тілінде **билезик** – 1)білезік, 2) дөңгелек [8,96] якут тілінде **биһилэх** – сақина, жүзік [9,71], тәлеуіт тілінде **пілэрік**, тува тілінде **пұлбар** – білезік. Көне түркі әрі түркі тілдеріне ортақ білезік атауы **білек** және **жүзік** сөздерінің бірігуінен пайда болған. Бұл сөздің толық формасын өзбек, ұйғыр тілдерінен табамыз. Мәселен, өзбек тілінде бұның толық атауы **билакузук** [10,71], ұйғыр тілінде **билакузук, билайузук, билак узук**[11,36].

Жалпақ білезік – күмісті, алтынды қаптап, енін жалпақ етіп соққан білезік.

Кавказ білезік – қақталған ақ күміске қара бедер, дақ салу әдісімен өсімдік бейнесін салған білезік.

Қақпақ білезік – екі ұшы бір-бірімен байланысатын, қабысатын білезік.

Тасты білезік – білезік көздеріне асыл тас қондырған білезік түрі.

Шұжық білезік – іші қуыс, жұмыр білезік.

Жүзік – бауыры таза күміс пен алтыннан соғылып, саусақтары сыртынан қарағанда бетіне асыл тас қондыруға ұя жасап, сол ұяға тастан көз қондырылған, көлемі мен салмағы, формасы әр түрлі болып келетін, көбінесе бір саусаққа сұғатын бір бауырдақты кейде екі саусақты қатар сұғып киетін қос сақинасы бар, бетінде бір яки бірнеше көзі бар қол әшекейі. Жүзіктің түбірі жүз (**jüç//tus//чус**). Ол буын деген мағынаны білдірген. Алтай, телеут тілдерінде **jüstук** сақина (жүзік). Якут тілінде *сусă* сөзі «буындау, буынға бөлу» Хакас, тува тілдерінде бұл сөз *чустук//чутук* болып айтылады. *Чус* - тува тілінде бармақтың буыны. Хакас тілінде *с* дыбысы *л*-ға алмасып *чул* болып айтылады. Зерттеушілер бұл сөздің алғашқы түрі *чускук* («с» және «к» дыбыстары бірінен-бірі алмасып *чускук* болып айтылуы да мүмкін) екенін көрсетеді [2,15]. Сөз арасындағы *к* дыбысы түсіп қалып, қатаң *с* ұяңданып *з-га* айналып, көпшілік түркі тілдерінде *юзик//йюзик* болып айтылуы түркі тілдерінің фонологиялық заңдылықтарына сәйкес келеді. Қазақ, қарақалпақ тілдерінде фонетикалық құрылыстың ерекшеліктеріне сай *жүзік//жузик* болып айтылады. Түркі тілдерінде *жүзік* лексемасының *йүзик//юзик//чускук//jüstuk// üksük// yüksük* нұсқалары қолданылады. *Yüksük* сөзі «оймақ» мағынасында қазіргі әзербайжан тілінде қолданылады.

Қазақ тілінде (оймақ киетін) екінші бармақты сұқ қол дейді. Біздің ойымызша, *yüksük* сөзі, о баста *yüs+kük* болу керек те, *с~к* дыбыстарының

метатезаларынан к~с болып, *yüs+kük* формасы тууы мүмкін. Сөйтіп қазіргі тілдердегі чустук юзик жүзік болып айтылып жүрген сөз көне *yüksük* сөзінің фонетикалық семантикалық өзгергенінен туған болуы керек.

Бадана көз жүзік – асыл тасты үлкендеу келген жүзік түрі.

Бауырдақ жүзік – дәнекерлеген үсті дөңгелек болып келетін, дөңгелек үлкендігі бір саусақтан бастап бес саусаққа дейін жауып тұратын жүзік түрі. Ертеде бір, үш, төрт саусақты қатар сұғатын үсті тұтас дөңгелек болып келетін жүзіктер болған.

Кемпір жүзік – көбіне кемпірлер тағатын арзанқол жүзік.

Қасты жүзік – үлкендау тас, шыны қондырған жүзіктердің жалпы аты.

Сақина – балдақ, жүзік сияқты саусаққа салатын зергерлік бұйым. Жүзікке қарағанда сақинаның бауыры жалпақтау болып, бетіне тас қондырмайды; тас қондыру сирек кездеседі. Тілімізде сақинаға қатысты бірсыпыра атаулар бар.

Балдақ сақина – сақинаның саусақ үстіне қараған беті төртбұрыш болып келетін түрі.

Жез сақина – саусаққа салу үшін емес, қамшы, найза, пышақ, қылыш сабын бекіту үшін жасалған мыс шығыршық.

Неке сақина – жас жұбайлардың үйлену тойында бір біріне сыйлайтын дәстүріне байланысты шыққан атау [2,44,45,46].

Қолға тағылатын әшекейлердің әрқайсысының өзіндік қасиеттері мен ерекшеліктері бар. Білезік – әйелдер күнделікті тастамай тағып жүретін ең сүйікті әшекейлердің бірі, онсыз олар өзін нашар сезінетін болған. Әдетте жұп білезік салады, кейде екі қолына қос-қостан білезік таққан. Білезіктің жуандығы әртүрлі болады, екі басы түйістіріп жасалатын жұмыр білезік, екі сымнан бұрап жасалған бұрама білезік, жуан алтын, күміс сымдардан өріп құрастырылған өрме білезік, нәзік тоқылған шынжырлар арқылы үзбеге бекітілген сақиналары бар түрін сақиналы білезік, бес білезік деп атайды. Бұл секілді білезіктер түрікмендерде, Дағыстан [12, 113], үндістан халықтарында [13, 181] кездеседі.

Білезік буын ауруларының алдын алады, қолдың тазалығын күшейтеді, жын-перілері куады деген ұғым халық арасында кеңінен таралған. Ең маңыздысы – білезік адам бойындағы күш-қуатты сақтайды. Қазақ бәле-жала әйелдің құлағы, шашы арқылы кірсе, күш-қуаты біртіндеп алақан арқылы сыртқа шығады деген сенім қалыптасқан, сондықтан әжелер соңғы күш-қуатынан айырылудан қорқып, білезігін қолынан тастамайтын болған. [1,282.283]. Білезіктегі өрнектердің мәнімен қоса, көп халық ұғымында қалыптасқандай, қорғаныш қасиетке ие сиқырлық күші бар деп саналады. Сондықтан өзге де тұмарлармен бірге баланың білегіне ақ-қара, қызыл-көк көзмоншақ тізбегін тағу дәстүрі осы уақытқа дейін сақталған.

Білезікке қатысты мынандай әдеп-ғұрыптар орын алған. Мәселен, бұрын баласы жүрмей жүрген ата-аналар жас баланың қолына және аяғына «Темірдей мықты болсын» деп оң тілек айтып, бір-бірден білезік салады екен. Қазақ білезіктеріндегі жыланның басына ұқсас өрнектің салынуы – ауру-сырқаудан, тіл көзден сақтайды деген нанымның ізі, өйткені адамдар ертеден-ақ өзі жақсы көретін заттарды, жан-жануарларды немесе өзі қорқатын, сондықтан одан сақтанатын, реті келсе оның күшіне ие болғысы келетін заттар мен құбылыс, аң-құстар, жан-жануарларды өнер туындыларына бейнелеп отырған. Ал білезіктегі шеңбер бейнесіндегі өрнектер, олардың молдығы – күннің символы, ол әйел-ананың үбірлі-шүбірлі болуын тілеуден туған өрнектер [2, 46.47].

Сақина мен жүзіктің де киелілігі мен қасиеттілігіне сену ғұрпы Шығысқа кең тараған түсінік. Әдетте, бұл халықтар әйелдің қолында міндетті түрде не жүзігі, не сақинасы болу керек деп санап, ол болмаған жағдайда оның дайындаған тамағы арам деп білген. Қазақ арасында да, «Тамақ адал болу үшін, қолда жүзік болу керек» деген мәтел сақталған. Осындай ырым-жоралғы Самарқан өзбектерінің дәстүрінде бар [14,116]. Якуттарда қолында жүзігі жоқ әйелге тіпті сиыр саууға рұқсат берілмеген, өйтсе, сиырдың желіні ісіп кетеді деп жорамалдаған. Ал желін ісігін жазу үшін сүтті сақинаның көзінен өткізе сауатын болған [15,110].

Сақина әрқашанда тазалықтың белгісі болған. Жас келіншек нәрестесін шомылдырар

алдында яки баланың жөргек –жаялығын жуар алдында оған сол үйдің үлкендері «Қолыңа скина салып ал, ол тазалыққа тән болады» деп ескертіп отыратыны ауылды жерлерде әлі күнге дейін кездеседі. Олай болса, нәрестені қырқынан шығарғанда оны шомылдыртатын суға не алтын, не күміс сақина емес білезік салу дәстүрі оларды соған қатысып отырған әйелдерге сыйлық ретінде үйлестіру үшін емес, осындай асыл бұйымдарды қасиетті санаудан, тазалыққа мән беруден шыққан сияқты.

Алтай және долған халықтарының дәстүрінде сақина әйел мен еркек арасындағы жақын қатынастың белгісі болып табылады, яғни сақина алмасу немесе сақина сыйлау некеге тұруға, жақын қатынас жасауға келісім беруді білдірген. Хакастарда бұл қызметті білезік атқарады, мәселен, қыз таңдаған жігітіне білезік сыйласа, оған тұрмысқа шығуға келісім бергенін білдіреді.

Қазақта қайтыс болған әйелдің бойында сырғадан басқа ешқандай әшекей қалдырмайды, өйткені оның денесі таза болып, ешқандай металл ауырлық келтірмеуі тиіс деп есептеген [1,286]. Мұндай дәстүрдің пайда болуы жерлеу рәсімінің даму нәтижесі деуге болады. Осыған ұқсас түсінік Сібірдің түркі тілдес халықтары – буряттар, долғандар, телеңгіттерде де бар. Якуттарда қайтыс болған әйелде мойынға тағатын кіреш, неке жүзігі, сырға қалдырылған, бірақ олар күмістен емес, мыс немесе ағаштан болуы тиіс [16,116,117].

Жүзікті саусаққа салудың да өзіндік ерекшелігі, қалыптасқан дәстүрі бар. Мысалы, қазақта жүзікті бұрын көбіне аты жоқ қолға, сұқ қолға, кейде шынашыққа таққан. Біраз халықтардың салтында жүзікті ортаң қолға салмайды, тек бес білезік деп аталатын білезік жүзіктерін ғана бес саусаққа қатар кие беретін. Мысалы, құмықтарда жүзікті ортаң қолға тағу әдеті жоқ, өйткені оларда ортаң қолға жүзік таққан әйелдің немесе қыздың ағасы өліп қалады деген түсінік болған [17,134]. Ноғайлардың салтында да жүзікті ортаң қолға салмайды. Әр халықта осы тәріздес әдет-ғұрыптар кездеседі.

Түркі тілдерінде зергерлік лексикасында бұйым атауларымен қатар тек зергерлік өнерге қатысты етістіктер де кеңінен қолданылады. Олардың көпшілігі амал-тәсіл атауы ретінде заттанып та қолданылады. Мысалы, қазақ зергерлері тілінде *қақтау, аптау, күптеу, бедерлеу, термелеу, үзбелеу, лажылау, қастау, сіркелеу* т.б. сөздері пайдаланылады.

Қорытынды. Түркі тілдеріндегі зергерлік өнер терминологиясының қалыптасуына, дамуына ежелгі сақ мәдениетінен бастау алып, үздіксіз жалғасып келе жатқан сәндік бұйым түрлерінің молдығы айтарлықтай ықпал етті. Түркі зергерлері кез келген әшекей бұйымының өзін әлденеше түрге келтіріп, көз жауын алатындай құбылта білді. Әрбір әшекейдің (білезік, жүзік т.б.) сан алуан түрлерін, олардың өзіндік ерекшеліктерін, белгілерін неғұрлым айқын, дәл білдіру қажеттілігінен зергерлік лексикасы толығымен түсті.

Қазақ тіліндегі, жалпы түркі тілдеріндегі қолға тағатын зергерлік бұйым атауларының этномәдени мазмұны сол әшекейді тұтынған, таққан адамның жасы, қоғамдағы орны, әлеуметтік жағдайы т.б. жайлы мол ақпарат береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Тохтабаева Ш.Ж. Қазақтың зергерлік өнері. – алматы: «Алматыкітап баспасы», 2011. – 384 б.
2. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: 1993. – 188 б.
3. Түркмен дилиниң сөзлүгі. – Ашгабат, 1962.
5. Русско – башкирский словарь. – М., 1948.
6. Сулова С. Женские украшения казанских татар середины XIX - начало XX в. – М., 1980.
7. Татарско-русский словарь. – М., 1966.
8. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – М., 1965.
9. Туркменско-русский словарь. – М., 1968.
10. Якутско-русский словарь. – М., 1972.
11. Узбекско-русский словарь. – М., 1959.
12. Уйгурско-русский словарь. –Алма-Ата, 1961.

13. Тохтабаева Ж.Ш. Серебряный путь казахских мастеров. – Алматы, 2005. –113 с.
14. Гусева Н.Р. Художественные ремесла Индии. – М., 1982. – 237 с.
15. П.Аганов, М.Кадырбаев. Сокровище древнего Казахстана. – Алматы, 1979. – 250 с.
16. Сухарева О.А. История среднеазиатского костюма. Самарканд (2-я половина XIX-начало XXвв.). – М., 1982. – 141 с.
1. 16.Саввинов И.А. Традиционные металлические украшения якутов XIX-начала XX века. – Новосибирск, 2001. – 170 с.
17. Гаджиева С.Ш. Материальная культура кумыков в XIX – XX вв. – Махачкала, 1960. – 167 с.